



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

тағы да бір айқындап тұр. Біздің ойымызша, оқу негізін ақылы түрден ақысыз түрге ауыстыру, келісім-шарттың сипатын да өзгертеді, оны азаматтық-құқықтық емес, әкімшілік-құқық сипатындағы келісім-шарт санатына жатқызады.

Жоғары оқу орны ішкі қатынастарын нормативтік реттеуден бұрын, оларды терең талдаудан өткізу және құқықтық табиғатын тану қажет, ал бұл, өз кезегінде, қатынастар жиынтығын нормативтік, заңнамалық рәсімдеуге жататын және де білім алушының білім алу құқығы ғана емес, білім алушының, оқытушының білім беру саласындағы жалпы конституциялық құқықтары және бостандықтарымен айқындалатын ЖОО-ның академиялық бостандығы шегіндегі қатынастар ретінде классификациялауға мүмкіндік береді.

Нормативтік ережелермен біріншіден, білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарын, сонымен бірге, білім алу құқығынан өзге Конституциялық құқықтары мен бостандықтарынан туындайтындарын; екіншіден, студенттер, профессорлық-оқытушылық құрам, ЖОО әкімшілігі қарым-қатынастары бастауының негізгі принциптерін; үшіншіден, олардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудан туындайтын жалпылық мәні бар мінез-құлықтары варианттарын; төртіншіден, білім беру субъектілері жауапкершілігі негіздерін; бесіншіден, оларды қорғау құралдарын; алтыншыдан, ЖОО-дары ортасындағы қатынастарды қорғау нысандары мен түрі және шиеленістерді шешуді бекіту қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1 Правила оказания платных образовательных услуг государственными учреждениями образования. Утвержден Постановлением Правительства Республики Казахстан от 22 сентября 1999 года № 1438 //Законодательство об образовании в Республике Казахстан. Алматы: Юрист,

2 Сластенин В.А., Каширин В.П. Психология и педагогика: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. Москва, 2001. С.

3 Барабанова С.В. Государственное регулирование высшего образования в Российской Федерации: административно- правовые вопросы. Казань,

4 Дашинская З.П. Конституционно-правовое регулирование организации и деятельности общеобразовательных учреждений: Автореферат диссертации кандидата юридических наук. Москва,

5 Кудрявцев Ю.А. О статусе и социальной защите педагогических работников //Образование и право: статус участников образовательных отношений: Материалы I Всероссийской научно-практической конференции. Санкт-Петербург. 1-2 декабря 2003 г./Под ред. Г.А.Бордовского и др.

6 Кудрявцев Ю.А. и др. Документы международного права по вопросам образования /Сост../ Под ред. Г.А.Лукичева и др.

УДК 347.157.1

ӘЛЕМДІК ТЕНДЕНЦИЯДАҒЫ БАЛА ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Нарымбаева Г.М

Gulnur98.98@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, заң факультеті 5B030100 –
құқықтану мамандығының 3- курс студенті.

Ғылыми жетекшісі: Ибрагимов Ж.И

Қазіргі таңда қоғамымыздың ең осал тобы, өсіп келе жатқан жас ұрпақ – балалар болып есептеледі. Баланың құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету біздің заманымыздың ғаламдық мәселелерінің бірі болып табылады. Оның шешілуіне бүкіл әлемдік қоғамдастық

қызығушылық танытып отыр. Бұл жас ұрпақтың қоғамның өміршеңдігін қамтамасыз етуде және оның болашақ дамуын болжауда үлкен маңызға ие мәселелердің бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда көтеріп отырған мәселенің ауқымдығына байланысты дамыған өркениетті елдердің өзінде бала құқығының толыққанды сақталуына кепілдік бере алатын бірде - бір мемлекет жоқ екендігін мойындамауға шара жоқ. Тіпті демократиялық дамыған, экономикалық жетілген мемлекеттерде де кәметтік жасқа жетпеген жасөспірімдер арасындағы қылмыс, өмір сүру деңгейі төмен отбасылардың болуы, жеткіліксіз медициналық көмекке байланысты балалардың өлімі, қараусыз қалған балалар санының өсімі секілді әлеуметтік дистрофиялық қарама-қайшылықтар көптен - көп кездеседі. Жоғарыда көрсетілген фактілердің барлығы бала құқығы мәселесінің тек қана мемлекеттік немесе ұлттық деңгейде қаралатын әлеуметтік қарама-қайшылық емес екендігін көрсетеді.

Баланың құқықтарын қорғау – толыққанды дамыған тұлғаны қалыптастыру мақсатында, балалардың құқықтарын дамытуға және қамтамасыз етуге бағытталған және оларды заңнамаларда көрсетілген жүйемен бақылауға негізделген процесс. Бала құқықтарын қорғау процесінде мемлекеттік жүйеден бөлек қоғамдық және халықаралық мемлекеттік емес ұйымдар да белсенді жұмыс атқарады.

1989 жылы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы бала құқықтары жөніндегі Конвенцияны қабылдауы ең алғаш әлемдік қауымдастықта балалардың құқығын қорғау процесіне жасалған алғашқы сәтті қадам болып табылды. Бүгінгі таңда әлемнің 191 мемлекеті Бала құқығы жөніндегі конвенцияны өз мемлекеттерінде ратификациялады. Бала құқығы жөніндегі конвенция ең алғаш бүкіл әлем мемлекеттерінің адам құқығы мәселесі бойынша толыққанды мойындалған және ратификацияланған алғашқы құжат болып табылады. Конвенцияның негізгі идеясы – баланың мүдделерін заң тұрғысынан қамтамасыз ету. Ал негізгі қағидаларының бірі баланы толыққанды адам деп тану болып табылады.

Қазақстан халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидастарының басымдықтарын есепке ала отырып, 1994 жылғы 8 маусымда Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялады, сол арқылы өзінің заңнамасын конвенцияға сәйкес келтіру бойынша халықаралық міндеттемелерді қабылдады [1].

Тарихта тұңғыш рет Конвенцияға сәйкес конвенцияның ережелерін іске асыру және бақылау мақсатында халықаралық механизм ретінде – Бала құқықтары жөніндегі комитет құрылды. Комитет мерзімді түрде (5 жылда бір) Конвенцияның жүзеге асуы жөнінде есеп беріп отырады және конвенция аясында қабылданған шешімдер жөнінде қатысушы мемлекеттердің баяндамаларын қабылдауға міндетті уәкілетті орган болып табылады (44 бап). Сонымен қатар Конвенцияның 45-бабына сәйкес, Комитет Конвенцияда қойылған мақсаттарды іске асыруда халықаралық ынтымақтастықтың үйлестірушісі болып табылатындығы көрсетіледі[2].

Баланың халықаралық құқықтарын қорғау бірнеше бағытта жүзеге асырылады:

1) Бала құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды дайындау мақсатында декларацияларды, шешімдерді, конвенцияларды әзірлеу;

2) баланың құқықтарын қорғау жөніндегі арнайы бақылау органын құру;

3) ұлттық заңнаманы халықаралық міндеттемелерге (енгізу іс-шаралары) сәйкес келтіруге жәрдемдесу;

4) БҰҰ Балалар Қоры арқылы халықаралық көмек көрсету. Бала құқықтары туралы конвенцияның негізгі қағидастары мен нормалары Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қылмыстық кодекс, Қылмыстық іс жүргізу кодексі мен Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде ескеріледі және азаматтық, отбасылық және басқа да құқық салаларында көрініс табады.

Қазақстанда балалар мен жасөспірімдердің құқықтары мен кепілдіктерін реттейтін 45-тен астам нормативтік құқықтық актілер қабылданған.

Бірақ осыншама жұмыстардың жүргізілуіне қарамастан Қазақстандағы балалар құқығын қорғаудағы жағдай қоғамдағы өзінің рөлін бәсеңдетпей тұр.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес 2017 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы территориясында 0-19 жас аралығындағы туылған және өмір сүріп жатқан жасөспірімдер мен балалардың саны 5.7 млн құрап отыр. Бұл көрсеткіш шамамен орта есеппе ҚР халқының 32% құрайды.

ҚР Конституциясының 27- бабына сәйкес, неке мен отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында болады деп көрсетілген[3]. Еліміз үшін жас ұрпақтың құқығын қорғау конституциялық деңгейде бекітілген мәселе.

2012 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен облыс орталықтарында және ірі қалаларда ювеналдық соттар құрылған болатын. Қазіргі таңда 19 ювеналдық сот өз қызметін жүргізіп отыр. Ювеналдық соттардың негізгі мақсаттары – жасөспірімдерді жасаған қылмыстары үшін жазалап, тиісті санкциясына сәйкес соттау емес, оларды тәрбиелеу арқылы өмірде өз орнын табуға көмектесу. ҚР Қылмыстық кодексінің 6 бөлімі[4], сонымен қатар ҚР Қылмыстық- процестік кодексінің 56 тарауы кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша іс жүзінде арналады[5]. 2017 жылы 9 ай ішінде кәмелетке толмағандардың арасында 87389 заң бұзушылар тіркелген. Бұл көрсеткіш 2016 жылдағы көрсеткішпен салыстырғанда 0,8%- ға көбейген (2016 жылы 86655 жасөспірім тіркелген). Жалпы көрсеткіштің ішінен қылмыстық құқық бұзушылардың саны 2241 немесе 2,5 пайызды құрады [6].

Сонымен қатар 1988 жылы 20 қаңтарда құрылтай жиналысында В. И. Ленин атындағы совет кеңес балалар қорының Қазақстан Республикалық бөлімшесі құрылды.1993 жылдан бастап Қазақстанның Балалар қоры республикалық бөлімнің құқықтық мұрагері ретінде Халықаралық балалар қорларының қауымдастырылған мүшесі болды. Ұйымның негізгі мақсаты - жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, балалар үйіндегі балаларға, аз қамтылған отбасылардағы балаларға көмек көрсету. Қазіргі таңда бұл қордың Қазақстан бойынша 6 филиалы бар.

ҚР бала құқықтары туралы заңның 10 - бабына сәйкес, Әрбір баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы бар [7]. Және неке (ерлі- зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 60- бабына сәйкес, Баланың өз ата-анасының тәрбиесіне, өз мүдделерінің қамтамасыз етілуіне, жан-жақты өсіп-жетілуіне, өзінің адами қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар[8].

Қай бала болмасын өмірге келген кезде тағдырын алдын ала жоспарлап, жаман жолға түсу үшін, заңға қайшы әрекеттер істеу үшін немесе қиындық көру үшін тумайды. Сондықтан ең алдымен істеген ісі үшін оны жауапқа тартып жазалаудан бұрын, сол жағдайға жеткізген себепті анықтап түсіне білу керек. Әрбір бала бақытқа, толыққанды отбасыда тәрбиеленіп, жақсы білім алып, басқалармен қатар деңгейде өсіп-өнуге лайықты. Ал ол үшін ең бірінші ата- ана одан кейін мемлекет жауапты. Қазіргі таңда жақсы жақтарын есептегенде, жасөспірімдердің түрлі заңға қайшы әрекеттерге баруының көпшілік жағдайы отбасылық себептермен байланысты. Ата- анасының жұмыссыз болуы, соған сәйкес тұрмыстың төмендеуі, жоқтықтың зардабын кешу балалардың теріс қылық жасауына бірден - бір себепші. Еліміздің негізгі міндеттерінің бірі ретінде аумақтықтар мен кедейлер арасындағы айырманы азайту, әлеуметтік мәселелерді шешу, дәулетті Қазақстан мемлекетін орнату, халықтың тұрмыс жағдайы мен деңгейін көтеру болып есептеледі. Ал алға қойған жоспарларды тек айтып қана қоймай, жүзеге асуы еліміздің деңгейінің көтерілуіне, әлеуметтік жағдайдың дұрысталуына алып келеді. Бұл - тыныш, бейбіт өмірдің кепілі. Еліміздің жоғарғы деңгейге көтерілуі жас ұрпақтың қолында.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Конвенция о правах ребенка. Алматы. 2000. С. 1-3.
2. Конвенция о правах ребенка. Алматы. 2000. С. 21-22.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. «ЮРИСТ» баспасы. Алматы. 2016. 8 б.

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. «ЮРИСТ» баспасы. Алматы. 2016. С.42-46.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық- процестік кодексі. «ЮРИСТ» баспасы. Алматы. 2016. С. 290- 295.
6. Комитет по правовой статистике и специальным учетам генеральной прокуратуры РК.<http://pravstat.prokurator.kz/rus/o-kpsisu/deyatelnost-komiteta/analiticheskaya-informaciya>
7. Қазақстан Республикасының Бала құқығы туралы заң. Алматы. 2017. С. 20-21.
8. Қазақстан Республикасының Неке (ерлі- зайыптылық) және отбасы туралы. «ЮРИСТ» баспасы. Алматы. 44 б.

УДК 347.7(075.8)

ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ НАЛОГОВОЙ СИСТЕМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Нурханулы Ерлан

[Berkut kapsalyam@mail.ru](mailto:Berkut_kapsalyam@mail.ru)

Магистрант 2 курса юридического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана,
Казахстан. Научный руководитель - к.ю.н., доцент Капсалямова С.С.

Государство может существовать лишь тогда, когда располагает собственной финансовой базой, проще говоря, имеет деньги для содержания своего аппарата и покрытия расходов, возникающих в процессе реализации им своих функции. Между тем, деньги являются продуктом сферы материального производства к которому государственная деятельность, будучи по своей природе разновидностью управленческой деятельности, не относится. Другими словами, труд конкретного государственного служащего, рассматриваемого в отдельности, как и деятельность всего государственного аппарата в целом, имея бесспорно общественно-полезный характер, не создают того продукта, выразителем стоимости которого выступают деньги.

В силу этого государство вынуждено искать их где-то на стороне. Добывание государством денег составляет содержание такого элемента по финансовой деятельности, который принято именовать «мобилизация денежных средств, необходимых для обеспечения функционирования государства и создание денежных фондов государства». Добывает себе государство денежные средства различными способами:

- в одних случаях оно использует метод, основанный на добровольной передаче денег от их собственника (владельца) государству, в качестве классического примера которого выступают государственные займы (как внутренние, так и внешние);

- в других случаях добывание денег происходит путем их принудительного изъятия, где, не менее классическим примером выступают налоги.

Таким образом, налоги представляют собой обязательные платежи в бюджет, взимаемые государством на основе закона с юридических и физических лиц для удовлетворения общественных потребностей.

Налоги - это обязательные поступления и сборы с юридических и физических лиц, проводимые государством на основе государственного законодательства. Налоги являются основным источником существования государства и финансирования его деятельности. Для этого государство формирует свою налоговую систему, которая включает в себя совокупность налогов различного вида. Они выражают обязательность юридических и физических лиц участвовать в формировании финансовых ресурсов государства. Налоги, являясь инструментом перераспределения, призваны также гасить возникающие сбои в системе распределения и стимулировать или сдерживать людей в развитии той или иной формы деятельности.